



ҮЕҮ атауы	Жоба атауы	Жоба мақсаттары мен сипаты	
Маңғыстау облысы			
<p>1. «Ақбөбек» ҮЕҮ</p>	<p>Жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығын сақтауға қатысты медицина қызметкерлерінің дағдыларын жетілдіру</p>	<p>Медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және жасөспірімдердің клиникалық және психоәлеуметтік репродуктивті денсаулығына деген қажеттіліктерін қанағаттандыру.</p> <p>Жобаның міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> – гинекологтарды жасөспірім кезеңінің клиникалық және психоәлеуметтік ерекшеліктерін ескере отырып, медициналық көмек көрсетуге үйрету; – мектептерде жұмыс істейтін медбикелерді жасөспірімдер арасындағы репродуктивті денсаулық сақтау қағидаларын түсіндіру бойынша білім мен дағдыларына оқыту; – жасөспірімдерге кеңес беру кезінде медициналық мамандардың қолдануына арналған әдістемелік құрал әзірлеу және шығару. <p>Жобаға қатысушылар: Ақтау қ., Форт-Шевченко қ., Баутин, Құрық және Боранқұл ауылдарындағы медицина қызметкерлері.</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасымен бірге мүдделі медициналық ұйым басшыларына жобаның таныстырылымы өткізілді. • Гинеколог дәрігерлерді оқыту үшін «University Medical Center» корпоративтік қорының ана мен бала Ұлттық ғылыми орталығының, «Жыныстық және репродуктивті денсаулық жөніндегі Қазақстандық қауымдастығының», облыстық перинаталдық орталықтың білікті сарапшы-жаттықтырушылары тартылды. Келісім-шарт жасау және оқыту бағдарламасын келісу. • Медицина қызметкерлерін оқыту: <ul style="list-style-type: none"> • Дәрігерлерді оқыту екі бағытта жүргізілді: жасөспірімнің клиникалық ерекшеліктері және олармен жұмыс істеудің коммуникативті психо-әлеуметтік ерекшеліктері. Бірінші бағыт бойынша Ақтау қаласының, Құрық ауылының, Форт-Шевченко қаласының, Бейнеу ауылының гинекологтары (20 адам) үшін онлайн оқыту жүргізілді. Баутин және Боранқұл ауылдарында гинекологтар жоқ, науқастарды Форт-Шевченко қаласындағы және Бейнеу ауылындағы аудандық орталықтар қабылдайды, сондықтан сол елді мекендердің дәрігерлері оқудан өтті. • Орта білім беру мекемелерінің медбикелері бес топқа бөлініп оқытылды. Боранқұл ауылы, Ақтау қаласы, Құрық ауылы, Форт-Шевченко қаласы мектеп медбикелерінің арасында репродуктивті денсаулық, жасөспірімдер жүктілігі және контрацепция негіздері бойынша онлайн-оқыту өткізілді. • Екінші бағыт бойынша гинекологтарға арналған коммуникативті тренинг онлайн форматта Алматы қаласындағы «Жыныстық және репродуктивті денсаулық жөніндегі Қазақстандық қауымдастығының» білікті сарапшы-жаттықтырушыларының қатысуымен өткізілді. <p>Тренинг барысында және тренингке қатысушылармен пікірталас өткізу кезінде облыстағы жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығын қорғау және алдын-алу мәселелерінің әлсіз жақтары талқыланды:</p> <ul style="list-style-type: none"> • мектептер мен колледждерде көрсету үшін репродуктивті денсаулық және жасөспірімдер жүктілігінің алдын-алу бойынша қазақ және орыс тілдерінде бейімделген ақпараттық бейнероликтердің қажеттілігі; • мектептер мен колледждерде қыз балалардың гинекологтармен, ер балалардың уролог-андрологтармен кездесулерінің тұрақты негізде өткізілуі; • жастар денсаулық орталықтарын тиісті түрде дамыту; • репродуктивті денсаулықты сақтау ғана емес, балалар мен жасөспірімдер денсаулығын қорғаудың өзекті мәселелері бойынша білім беру ұйымдарында медбикелерді оқытуды тұрақты негізде жүргізу; • бұрын емханаларда жабық тұрған жасөспірімдер кабинеттерін қайта ашу; • жасөспірімдермен сенімді қарым-қатынасты қалыптастыруға әсер ететін маңызды фактор болып табылатын медицина қызметкерлерінің коммуникативті құзыреттілігін арттыру. <p>Жобаға қатысушыларының барлық ұсыныстары денсаулық сақтау басқармасына жасөспірімдердің денсаулығын қорғаудың алдын алу шараларын қарау және жетілдіру үшін жіберілді. Тікелей жасөспірімдермен жұмыс жасайтын қатысушылардың ұсыныстарын жинау, өңдеу және оларды уәкілетті органға жазбаша ұсыну жобада жоспарланбаған, бірақ қол жеткізілген нәтижелерінің бірі болды.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Туындаған мәселелер мен алынған сабақтар: <ul style="list-style-type: none"> ✓ Төтенше жағдай мен карантиннің енгізілуіне байланысты жоспарланған іс-шаралар мен оқыту кейінге шегеріліп, онлайн форматқа көшірілді ✓ Материалды бейімдеу және желілік оқыту үшін ақпарат беру қажеттілігі ✓ ZOOM жазылымын кеңейту және төлеу бойынша болжанбаған қажеттілік ✓ Онлайн оқыту кезінде байланыс сапасында қиындықтар туындады, ауылдарда интернет әлсіз болды. Кейбір жағдайларда қатысушылардың ZOOM платформасын қолдана алмауы. Бұл қолайсыздықты жою үшін тренингтер алдында қатысушыларға ZOOM-мен жұмыс жасау бойынша алдын-ала нұсқаулар берілді.



			<ul style="list-style-type: none"> ✓ Медицина қызметкерлерін провизорлық, жұқпалы аурулар орталықтарында жұмыс істеуге және мектеп медбикелерін тұрғындарды вакциналауға жұмылдыруға байланысты онлайн-тренинг қатысушыларын шақыртып алу нәтижесінде қатысушылардың саны азайды. ✓ Болашаққа сабақ: Оқытудың онлайн және оффлайн форматтарындағы материалдарды саралау қажеттілігі, ақпараттық роликтер мен бейнематериалдар дайындау, онлайн-ресурстарды ұйымдастыру және онда тренинг қатысушылары үшін ақпараттық материалдарды орналастыру қажеттілігі.
2. «Ұрпақ Next» қоғамдық қоры	Ақтау қаласы және Боранқұл, Баутин және Құрық ауылдарындағы мүмкіндігі шектеулі әйелдерге арналған әлеуметтік жоба	<p>18 жастан 45 жасқа дейінгі мүмкіндігі шектеулі қыздар мен әйелдерге жаңа технологиялар (кесте жасау, құрылымын жасау, дизайнды әзірлеу, құрақ тігу) бойынша кәдесый бұйымдарын жасауды, тоқуды және тігуді, сонымен қатар іскерлік дағдылар мен жеке кәсіпорын құруды үйрету сабағын ұйымдастыру.</p> <p>Жобаның мақсаты: мүмкіндігі шектеулі әйелдерді халықаралық озық тәжірибеге сәйкес оқытуға арналған онлайн алаң құру.</p>	<p>1-нәтиже: Жобаға практикалық тәжірибесі бар білікті қолөнершілер тартылды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Қалаубаева Алтынашар, кәдесыйлар жасаушы; 2) Мұқанова Ұлпагүл, пішін мен тігін шебері; 3) Зейнеш Аманқос, құрақшы; 4) Мәдиева Айсұлу, СММ-маркетолог; 5) Қадірова Шынар, кондитер, блогер; 6) Әлиева Перизат, бет әрлеуші. <p>2-нәтиже: Жоғары сапалы онлайн-оқыту ұсынылды:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Сапалы мазмұнды құру үшін «Training Academy» ЖШС жұмылдырылды. Студияда бейнесабақтар түсірілді, барлық қатысушылар мобильді құрылғы арқылы бейнесабақтарға қол жеткізді. • Оқу платформасы құрылды, онда тігін, кондитерлік өнімдерді дайындау, СММ-маркетинг, жеке бренд бойынша барлық бейнесабақтары жүктелді. • Қатысушылар кезең-кезеңімен дайындықтан өтті, емтихан тапсырды және тәжірибелерімен бөлісті. Қатысушылармен кері байланыс орнату үшін арнайы чат құрылды. <p>3-нәтиже: Ақтау қ., Боранқұл, Баутин және Құрық ауылдарынан 50-ден астам әйелдер мен қыздар кондитерлік өнімдерді дайындаумен қатар, құрақ тігу және кәдесый бұйымдарын жасау шеберліктерін игеріп, бизнес жүргізу курсы аяқтағаны туралы сертификаттар алды.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Кейбір қатысушылар жақсы тігуді және торттарды пісіруді үйреніп үлгерді. Олар қазірдің өзінде тапсырыс қабылдап, Instagram парақшасын жүргізуде.
3. «Шаңырақ» қоғамдық қоры	Баланың болашағы біздің қолымызда!	«Періште» орталығының STEM үйірмелерінде балалардың денсаулығын, ұсақ моторикасын дамыту, арт-терапия, құм терапиясы, қолөнер, мұғалімдердің білімін жетілдіру арқылы сабақтан тыс уақытта балаларға қолөнер бұйымдарын жасауға көмектесу, мүмкіндігі шектеулі балалар мен ата-аналарды қолөнермен таныстыру жүзеге асырылады.	<p>Қор ынтымақтастық туралы келісім бойынша «Өркениетті Келешек» ҚҚ-мен жұмыс істеді, оның негізінде Ақтау қаласындағы мүгедек балалар мен көп балалы отбасылардан шыққан балалардың қабілеттерін дамыту үшін «Періште» оңалту орталығында аптасына екі рет STEM, АРТ-терапия, қолөнер сабақтары және «миды биоакустикалық түзету» жабдықтарын қолдана отырып аппараттық емдеу өткізіледі. Жалпы сабақтарға тұрақты түрде 40-дан астам бала қатысты. Елдегі төтенше жағдай және карантин басталған кезден бері балалар мен ата-аналарға онлайн сабақтар ұйымдастырылды. Қор ата-аналарға балалардың денсаулығы мен дамуы туралы кеңес берді, үй жағдайында оқу-жаттығу үшін ұсыныстар мен тапсырмалар берді. Сондай-ақ, жоба аясында қор ата-аналарға арнап @perishte_aktau инстаграм парағын ашты, онда ата-аналарға түсінікті болу үшін сабақтың фотосуреттері мен бейнелері жүктеледі. Осы фото және бейнесабақтардың негізінде ата-аналар балаларымен бірге үйде оқып-жаттығады, өйткені балаларды оңалтудың ең тиімді әдісі - бұл ата-аналармен үйде үнемі сабақтарды жасау. Ай сайын қор тобы балаларға сабаққа арналған материалдарды жеткізіп, олардың келуін бақылады.</p> <p>25 аула клубының педагогтары мен мектептердің еңбек пәні мұғалімдерінің арасында келесі тақырыптар бойынша 5 шеберлік сабағы ұйымдастырылды: «киізді бояу», «киіз басу», «ілмек бізбен трикотаж матадан кашпо тоқу», «ойыншық тоқу», «арт-терапия - ермексаз терапиясы», «тебіскі мен моншақтан бұйымдар жасау - диадема», «жіптерден кәдесыйлар жасау». 25 қатысушының арасынан 14 педагог қызықты үйірмелер өткізуді көздейтін өз жобаларын презентация түрінде ұсынды. Ұйым басшылығының ортақ шешімімен екі ұйым-ұйымдастырушының барлық презентациялары қабылданды және қатысушыларға сыйлық сертификаттар тапсырылды. Қатысушылар осы сертификаттарға материалдар сатып алып, қазіргі уақытта балалармен онлайн режимінде жұмыс жүргізуде.</p> <p>Туындаған қиындықтар: Әрине, балалар ерекше болғандықтан, жоба тобының мүшелеріне онлайн сабақ өткізу оңай болмады. Бірақ уақыт өте келе балалар мен ата-аналар сабақтың жаңа форматына үйреніп, қатысушылар саны біртіндеп көбейе түсті.</p>



<p>4. «Жастар жетістіктері» қоғамдық Қоры</p>	<p>Үйде отырған әйелдерге арналған бизнес</p>	<p>Ақтау қаласында, Баутин, Боранқұл және Құрық ауылдарындағы әйелдердің үй бизнесі және тәжірибе алмасу дағдыларын дамыту, сонымен қатар көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін қалыптастыру.</p> <p>Жобаның міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> – үйде өндіріспен айналысатын әйелдердің қорын құру; – үй кәсібін ашқысы келетін әйелдердің қажеттіліктерін анықтау; – 18 жастан 40 жасқа дейінгі әйелдердің шағын үй кәсібін басқару, сапалы өнім өндіру және оны нарыққа шығару, бәсекелестік пен серіктестікті дамытудағы мүмкіндіктер, кәсіпкерлікті дамытуға қаражат тарту, көшбасшылық қабілеттерін дамытудағы әлеуеттерін арттыру ; – үйретушілердің шеберлік сабақтарында үй кәсібін жүргізу дағдыларын, біліктіліктері мен қабілеттерін қалыптастыру және дамыту; – өзбек, қырғыз әйелдерімен және Қазақстанның басқа аймақтарымен қолөнердің әр түрі бойынша тәжірибе алмасу мақсатында шеберлік сабақтарын ұйымдастыру; – үй кәсібінің брендтік өнімдері жәрмеңкесін ұйымдастыру. 	<ul style="list-style-type: none"> – Жобаның бастапқы кезеңінде жоба серіктестерімен өзара ынтымақтастық туралы ақпараттық кездесулер мен келіссөздер өткізілді. – Қатысушыларды тартуға бағытталған ақпараттық науқан өткізілді: 28 қаңтар мен 3 наурыз аралығына белгіленген мерзім ішінде жобаға қатысу үшін 226-ға жуық өтініш түсті, нәтижесінде Ақтау қаласынан, Боранқұл, Баутин және Құрық ауылдарынан барлығы 150 адам тіркелді. Қатысушылардың жасы 18-ден 40 жасқа дейін. – Онлайн оқытуды ұйымдастыру бойынша дайындық жұмыстары жүргізілді: үйретушілермен келіссөздер жүргізілді, техникалық тапсырмалар әзірленді, қолөнершілермен келісімшарттар жасалды; сабақтар кестесі жасалды, модульдердің бағдарламасы әзірленді және өткізілетін онлайн шеберлік сабақтары үшін онлайн платформа таңдалды; барлық қажетті шикізаттар мен материалдар сатып алынды; сатып алынған шикізат пен қажетті материалдарды тасымалдау үшін таксимен жеткізу қызметі үйлестірілді; қатысушылармен тиімді ақпарат алмасу үшін арнайы чат топтары ашылды. – Пандемияға байланысты барлық жоспарланған шеберлік сабақтары «WebEx» және «Zoom» платформаларына онлайн форматқа ауыстырылды. – 2020 жылдың 27 мамыры мен 12 маусымы аралығында кәсіпкерлік пен үй бизнесінің дағдыларын үйрету мақсатында «Шағын бизнесті тиімді жүргізу» тақырыбында онлайн- вебинарлар өткізілді. 4-күндік 8 тренингке 95-тен астам әйел қатысты. – 2020 жылдың 3-4 тамызында «Сүт және сүт өнімдері: үйде ірімшік дайындау» тақырыбында үй жағдайында ірімшік дайындау технологиясы жөніндегі шеберлік сабағы өткізілді. Практикалық шеберлік сабағының 19 қатысушысы қачотта, рикотта, брынза сияқты үй ірімшігінің әр түрлі сорттарын дайындауды үйренді. Қатысушылар ірімшік дайындау процесіне қатысты қажетті кеңестер алды: ірімшік өндіру процесінде қандай құралдар мен жабдықтар пайдаланылады, шикізатты қалай таңдау керек, олардың сапасын тексеру, шикізатты өңдеу, үй-жайларды дайындау, ірімшік жасауға арналған құралдар, технологиялық процесс және тағы басқасы. – 2020 жылдың 18-27 тамыз аралығында тігін шеберлігіне қатысты 1-ші шеберлік сабағы өткізілді. Үйретуші Гүлшарат Жұбаева (Алматы) 32 әйелге пішуді, сызбаны құру мен үлгіқағазды конструкциялауды, арнайы авторлық өлшемдерге сәйкес спорттық және балалар мен әйелдер киім үлгілерін модельдеу тәсілдерін үйретті. Шебер киім тигудегі өзінің тәжірибесімен, қадамдық нұсқаулықтармен, сонымен қатар үй бизнесін жүргізудің қыр-сырымен және құпияларымен бөлісті. – 2020 жылдың 28-30 қыркүйегі аралығында құрақ құрау шебері Гүлшат Демеуовамен 2-ші онлайн шеберлік сабағы өткізілді. Бұл шеберлік сабағының мақсаты тыңдаушыларды дәстүрлі құрақ құраудың негізгі техникаларымен таныстыру болды. 32 әйел блок-крейзи, пэчворк-жиек және шешен құрақ деген 3 сессиядан тұратын курсты аяқтады. Оның барысында үйренушілер құрақ құрау техникаларын үйреніп, қолданбалы құрақ бұйымдарды (көрпеше, жастық, көрпе) және көркем құрақ бұйымдарын (панно) құрастырып тігу тәсілдерін игерді. Сабақ барысында құрақ құрау әдістемелері және квадрат, жолақ, үшбұрыш, алтыбұрыш, шеңбер сияқты негізгі фигураларды кесу және қосып тігу тәсілдері көрсетілді. Жеке құрақ блоктарын конструкциялау және пішіп тігу дағдылары жетілдірілді. Скрап-композициялардың ерекшеліктері қарастырылды. Бүкіл курс барысында шеберлік сабаққа қатысушылар құрақ құраудағы заманауи құралдардың кең ауқымымен және материалдық базасымен танысты, сондай-ақ маталарды таңдауға, оларды түсі мен құрылымы бойынша іріктеуді үйренді. – 2020 жылдың 07 қыркүйегі мен 29 қыркүйегі аралығында шағын кеңістікте көкөністер мен өсімдіктерді өсіру (гидропоника технологиясы) бойынша онлайн оқыту және шеберлік сабағы өтті. Онда қатысушылар өсімдіктерді үйде өсірудің топырақсыз нұсқасымен танысты. Ол үшін «ZERTIS» компаниясының оқыту платформасынан «Жаңа бастап жүргендерге арналған гидропоника» курсы таңдалды. 15 қатысушыға «ZERTIS» оқу платформасына, соның ішінде қазақ тіліндегі мазмұнға кіруге рұқсат берілді. Шеберлік сабағын әдістің негізін қалаушы, химик, ғалым әрі зерттеуші, өндіріске жаңа технологияларды енгізіп, елдің ауылшаруашылық мәдениетінің өркендеуіне және химия өнеркәсібінің дамуына зор үлес қосып жүрген алматылық Диас Тастанбеков өткізді. – Қазан айында жүннен жасалған бұйымдарды өндіру бойынша шеберлік сабақтар сериясы өткізілді. Жүннен бұйымдар жасау бойынша шеберлік сабақтарын өткізуге әр облыстың қолөнер шеберлері, сондай-ақ жергілікті қолөнершілер (Алматы, Қарағанды облысы, Ақтау) тартылды. Шеберлік сабақтары келесі тақырыптарды қамтыды: жүнді қалай дайындау керек, қой жүнін тазарту, жуу, түту және бояу, үй жағдайында киіз бұйымдарын жасау, қолмен дымқыл киіз басудың қадамдық техникасы, жүннен әдемі жаға жасау, үй шұлықтары, құрғақ киіз басу техникасы, брошь аксессуарын жасау, киіз басудың негіздері, жүннен бұйымдар жасау технологиясының қыр-сырымен және
---	---	---	--



			<p>құпияларымен танысу. Барлық оқыту курсына 19 әйел қатысты. Сонымен қатар «Ілмек бізбен тоқу» тақырыбы бойынша оқыту ұйымдастырылып, оған 12 әйел қатысты.</p> <p>– 2020 жылдың 23 қазанында «BAI BALYQ AQTAU» жекеменшік мекемесінің негізін қалаушы Әбіл Нұғман жүргізген балық өнімдері бойынша шеберлік сабағы өтті. Ол онлайн шеберлік сабақтарының барысында қатысушыларға көксерке мен кефальді үй жағдайында түтінмен ыстау, қақтау технологиясын көрсетіп, дайын ысталған өнімнің дәмін жақсарту әдістерімен бөлісті. 2020 жылдың 26-27 қазанында шебер-технолог Назира Жолымбетова және Қызылорда облысы Арал қаласының «Арал әйелдері» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Бақытжамал Жүгінісова шеберлік сабақтың жалғасын жүргізді. Онлайн шеберлік сабақтың барысында ақбалық пен табан балықты үй жағдайында түтінмен ыстау және қақтау әдістері, дайын балық өнімдерін сақтау режимдері және оған қойылатын талаптар көрсетілді. Екі шеберлік сабағына да 20 әйел қатысты.</p> <p>Туындаған қиындықтар: COVID-19 пандемиясының әсерінен барлық жоспарланған оқытулар қашықтықтан өткізіліп, ұйым онлайн оқытулар мен шеберлік сабақтарын өткізуде үлкен тәжірибе жинақтады. Мұндай ауысу жоспарланған сабақтар кестесінің ауысуына әсер етті, сонымен қатар кейбір шеберлік сабақтары ұзарып, ондағы оқу күндерінің саны көбейді. Қатысушылардың онлайн оқуға психологиялық тұрғыдан дайын еместігі, кейбір аймақтардағы интернетпен қамтудың әлсіздігі, оқыту кезіндегі ақаулар, балалар сабақтарының қатар жүруі сияқты қиындықтар болды. Тәуекелдерді азайту үшін бірқатар шаралар қабылданды. Олар: бейне сабақтарды түсіру, онлайн сабақтарды жазу, салалық бағыттар бойынша қатысушылар үшін әлеуметтік мессенджерлерде ортақ чат құру. Басқа елдердің қолөнершілерінің орнына отандық қолөнер шеберлерін және кәсіпкерлерін тартып, оларға осылайша қолдау көрсетілді.</p>
5. Орталық Азияның Еуразия қоры	«Жарқыра» әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы	<p>Міндеті: Ақтау және Форт-Шевченко қалалары мен Боранқұл және Баутин ауылдары жұртшылығының әлеуметтік, экономикалық және экологиялық проблемаларын тұрақты кәсіпкерлік шешімдермен қамтамасыз етуге бағытталған инновациялық әлеуметтік бастамаларды қолдау.</p> <p>Мақсат 1: әлеуметтік кәсіпкерлік туралы ақпараттандыру науқаны арқылы жұртшылыққа әлеуметтік-экономикалық проблемалардың инновациялық шешімдерін іздеу мүмкіндіктерін ұсыну.</p> <p>Мақсат 2: жаңа бастаған әлеуметтік кәсіпкерлерге қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған жаңа бастамаларын жүзеге асыруда білімдік, қаржы және консультациялық қолдау көрсету.</p>	<p>2019-2020 ж байқау нәтижелері:</p> <ul style="list-style-type: none"> Байқауға 92 өтініш келіп түсті, атап айтсақ оның 65-і Ақтаудан, 3-і Баутин ауылынан, 8-і Боранқұл ауылынан, 6-ы Форт-Шевченкодан және 10-ы Құрық ауылынан. 6 адамнан тұратын тәуелсіз сарапшылар комиссиясының дауыс беру нәтижелері бойынша 30 жартылай финалист қосымша оқыту үшін іріктеліп алынды, оның ішінде: Ақтаудан - 21, Форт-Шевченкодан - 4, Құрық ауылынан - 4, Боранқұл ауылынан - 1, Баутин ауылынан - 1. Орталық Азияның Еуразия Қоры (ОАЕК) басшылығымен жартылай финалистер маркетинг, қаржы, стратегиялық жоспарлау және жұрт алдында сөз сөйлеу бойынша бизнес-тренингтерден өтіп, бизнес-жоспарлар жасау дағдыларын жетілдірді. 2020 жылдың 4-5 ақпаны аралығында 21 жартылай финалист өздерінің әлеуметтік жобаларын сарапшылар комитетіне ұсынды. 6 жоба қаржылай қолдау үшін таңдалып, оның екеуі грантқа, ал төртеуі бес жылдық пайызсыз несиеге ілікті. 2020 жылдың жеңімпаздары: <ol style="list-style-type: none"> Нұрлан Жалғасбаев (Ақтау) «Интеллектум» және «STEM» жобаларымен. Нұрлан Ақтау қаласында STEM (S-ғылым, T-технология, E-инженерия, M-математика) және балаларды ойын арқылы оқытуға бағытталған білім орталығын ашуда. Бұл жоба инновациялық деп танылды және өңір балаларына болашақ өсу мен даму дағдыларын бере алады. Мадина Махутова (Ақтау) «Инклюзия және оңалту балабақшасы» жобасымен. Жоба ерекше қажеттіліктері бар балаларды жан-жақты оңалтуға, әлеуметтік ортаға бейімдеуге және өзіне-өзі күту дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Азамат Курегулов (Құрық), «Azima» ағаш шеберханасы. Балаларға арналған ағаш ойын алаңдары мен ағаш ойыншықтар жасау. Несиелік қаражатқа Азамат білдектер мен құралдарды сатып алуды және балаларға қолөнерді үйретуді жалғастыруды жоспарлап отыр. Салтанат Бралина (Ақтау), Одан әрі өңдеу үшін пластик жинау жүйесін ұйымдастыру. Салтанат несие қаражатына пластикті сату және жою процесін оңтайландыруға көмектесетін ұсатқыш сатып алуды жоспарлауда. Бұл жоба жұмысы белсенді жүруде және дамып келеді. Оның мақсаты - Маңғыстау облысының қалдықтарды басқару мәдениетін арттыру және қоршаған ортаны жақсарту болып табылады. Нұргүл Сағындықова (Ақтау), Балалардағы көз ауруларының алдын алу және емдеу кабинеті. Несиеден алынған қаражатқа Нұргүл жұмыс істеуге арналған бірнеше құрылғыларды сатып алмақ, соның нәтижесінде қызметтер ауқымын кеңейтіп, көмек сапасын арттырады. Сондай-ақ, Нұргүл балалардың ұялы телефондар мен планшеттерді қолдануын шектеу қажеттілігі, оларды бақылаусыз қолдану көз денсаулығы мен психикаға зиян тигізуі мүмкін екендігін түсіндіріп, балалардың ата-



			<p>аналарымен белсенді жұмыс жүргізуде. Келешекте ол әлеуметтік кәсіпкерлікті жалғастырмау жөнінде шешім қабылдады.</p> <p>6. Гүлбаршын Қарабалина (Ақтау). Аутистік спектрдің бұзылуы бар балаларға арналған «Періште» түзету орталығын ашу. Мұндай балалар болашақта толыққанды өмір сүріп, жұмыс істей алатындай, жоба бұл балалардың әлеуметтенуін дамытады.</p> <p><i>Бағдарламаның жалпы нәтижелері:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> • Жергілікті тұрғындардың әлеуметтік кәсіпкерліктің мәні мен негізгі сипаттамалары туралы хабардарлығын арттыру: кіріспе семинарларға қатысушылардың саны 2018 жылмен салыстырғанда үш есеге өсті. • Әлеуметтік кәсіпкерлердің кәсіби және басқарушылық шеберліктерін арттыру: әлеуметтік кәсіпкерлер Алматы мен Нұрсұлтанда ғана емес, ТМД елдерінде де оқыту мен тағылымдамадан өтті. Нәтижесінде олар қосымша серіктестіктер құрып, жеткізушілерді тапты, жаңа жұмыс әдістерін игерді және жабдық сатып алды. • Пандемия мен карантинге байланысты 12 әлеуметтік кәсіпорынның ішінде тек бір медициналық және бір экологиялық ұйым алдыңғы кезеңдермен салыстырғанда тауар айналымын ұлғайтты. 3 әлеуметтік кәсіпорын жабылғаннан кейін әлі ашылған жоқ. 7 әлеуметтік кәсіпорын жұмыс істей бастады, әзірге олар орта есеппен карантинге дейінгі айналымның 47%-іне қол жеткізді. • 2 әлеуметтік кәсіпорын 2020 жылы өз жобаларына қосымша қаржы тартты. • Қолдау көрсетілетін әлеуметтік кәсіпорындарда 42 адам жұмыс істейді, оның ішіндегі 5-і мүмкіндігі шектеулі жандар, бенефициарлардың жалпы саны 135, оның 43-і халықтың әлеуметтік осал топтарының өкілдері болып табылады. • Өңірдегі әлеуметтік кәсіпкерлерді қолдау үшін жаңа ресурстар мен тәжірибелер қолданылады: Маңғыстау облысы бойынша қатысу деңгейі өте жоғары және облыс әкімдігінің ішкі саясат басқармасы тарапынан жобаға өте жақсы көмек көрсетіліп жатыр.
6. Орталық Азияның Еуразия Қоры	Қоғамдық орындар	<p>Баутин, Боранқұл және Форт-Шевченко жергілікті жұртшылығымен белсенді түрде бірлесіп әрекет ету арқылы қоғамдық орындарды абаттандыру.</p> <p>Міндеттері:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Баутин және Боранқұл ауылы мен Форт-Шевченко кенті қоғамдық орындарының инфрақұрылымына қатысты негізгі міндеттерді анықтау; 2. Жергілікті жұртшылыққа қоршаған қоғамдық орындардың инфрақұрылымын жақсартуға көмектесу. 	<p>Қаржыландыруға 4 елді мекендегі (Баутин - 4, Форт-Шевченко - 4, Боранқұл - 5, Құрық - 5) 18 жоба бекітілді.</p> <p>Құрық ауылы «Бақытты балалық шақ» балалар алаңы: Құрық ауылының тұрғыны колледж студенттері мен жергілікті тұрғындардың көмегімен Аппак шағын ауданында мектеп оқушылары мен бүлдіршіндер үшін бос уақытын өткізуге арналған ойын алаңын салуды жоспарлайды. «Салауатты балалар - ұлт болашағы»: жобаның бастамашыл тобы №11 мектептің жанында 300 балаға арналған спорттық жаттығу алаңын жабдықтауды шешті. «Гүлденуші ауыл»: бастамашыл топ ауыл тұрғындарын жергілікті саябақты көгалдандыруға, атап айтқанда гүл тұқымдарын сатып алып, колледждің қысқы саябағында қыс мезгілінде отырғызуды жоспарлап отыр. Көктемде осы гүлдерді Құрық ауылы халқының басым бөлігі жазда бос уақытын өткізетін саябаққа қайта отырғызуды жоспарлауда. «Ұлы даланың ұлы рухы»: жергілікті дарынды шеберлер күшімен шағын сәулет мүсіндерін жасау және оларды колледж бен ҚР тұңғыш Президенті саябағында орнату арқылы Құрық ауылын абаттандыру жобасы. «Балалар - біздің болашағымыз»: оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мектеп алдында ата-аналардың және №6 мектеп мұғалімдерінің күшімен арнайы алаң салу жоспарлануда.</p> <p>Форт-Шевченко кенті «Жан жылуы» психолог кабинеті: белсенділер балалармен және ата-аналармен жұмыс істеуге жағдай жасау мақсатында Есбол Өмірбаев атындағы мектепте «Жан жылуы» психолог кабинетін ұйымдастыруды жоспарлап отыр. «Таза аула - денсаулық кепілі»: белсенділер қоқыс жәшіктерін ауыстыру және Досан Тәжіұлы атындағы көшеде орналасқан «Балапан» балалар ойын алаңын жаңғырту мақсатын қойды. «Балғын балалық шақ» балаларға арналған ойын алаңы: бастамашыл топ Жамбыл көшесінде 150 бала үшін бос уақытты өткізуге арналған балалар алаңын салуды жоспарлауда. «Таза қала»: белсенді тұрғындар қақпағы бар қоқыс жәшіктерін және қайта өңделетін қоқысты бөлек жинауға арналған жәшіктерді орнату арқылы Форт-Шевченко кенті мен Баутин ауылының экологиясын</p>



			<p>жақсартқысы келеді. Орнатылғаннан кейін жәшіктер коммуналдық қызметтерге тапсырылады және олар қоқысты шығаратын болады.</p> <p>Баутин ауылы</p> <p>«Балалар қалашығы» – 1»: Баутин ауылының орталығында балалардың бос уақытын өткізуге арналған «Балалар қалашығы» алаңын салу</p> <p>«Балалар қалашығы – 2»: Баутин ауылының орталығында балалар үшін бос уақыт өткізуге арналған «Балалар қалашығы» алаңын салу. Бұл қалашықтың ерекшелігі лабиринт болмақ. Лабиринтте балалар уақытты қызықты өткізетін болады және бұл олардың физикалық және психологиялық дамуына ықпал етеді. Сонымен қатар қалашықта құмсалғыштар, орындықтар, қоқыс жәшіктері, сурет салуға арналған тақта орнатылатын болады.</p> <p>«Баутин ауылының жағажай аймағын абаттандыру»: бастамашыл топ Баутин ауылының жағажайын абаттандырумен айналыспақ, өйткені жағажай - жаз мезгілінде жергілікті тұрғындардың ғана емес, ауыл қонақтарының да бос уақытты өткізуге көп баратын жері.</p> <p>«Көңілді аула»: белсенділер өз күшімен Берішбаев көшесінде балалар алаңын салуды жоспарлауда.</p> <p>Боранқұл ауылы</p> <p>«Дарынды балалар»: жоба идеясы - «Боранқұл» шипажай түріндегі балабақша аймағында балалардың өнерге қызығушылығын арттыру мақсатында мерекелік шараларды өткізуге арналған қырланған кеспе тастардан төселген алаң салу.</p> <p>«Ортақ арман, ортақ үміт»: бастамашыл топ «Опорный» мектебінде сөйлеу ақауы бар балалармен жұмыс істеуге арналған арнайы логопедтік кабинет ашуды жоспарлауда. Осы мектептің 46 оқушысы логопед көмегіне мұқтаж.</p> <p>«Мектептің өркендеуі – ауылдың өркендеуі»: «Боранқұл» мектебі оқушыларының ата-аналары және мұғалімдері мектеп ауласын абаттандыруды және көгалдандыруды, ішіне орындықтар, қоқыс жәшіктерін және шамдарды орнатуды қалайды.</p> <p>«Тәні саудың жаны сау»: жергілікті тұрғындардың Боранқұл ауылының екінші шағын ауданы орталығында 600 балаға арналған балалар және ойын алаңын салғылары келеді.</p> <p>«Денсаулық - зор байлық»: Боранқұл ауылының №5 шағын ауданының тұрғындары ауылда тұратын 800 бала үшін ойын және спорт алаңын салғылары келеді.</p> <p>Жергілікті билік органдары (Құрық, Боранқұл, Форт-Шевченко, Баутин) жобалық топпен бірге жұмыс жасауға ықыласының бар екенін және өз қоғамдарында жобалық әрекетке қолдау көрсетуге дайын екенін атап өтті. Жергілікті органдардың қолдауы жоба қатысушыларын ынталандырды.</p> <p>Жергілікті органдар мен шағын жоба қатысушыларының екі жылдық өзара тығыз байланысы нәтижесінде 28 шағын жоба сәтті түрде жүзеге асты: Форт-Шевченко - 7, Баутин - 6, Құрық - 5, Боранқұл - 10</p> <p>28 шағын жобаның тізімі:</p> <ul style="list-style-type: none"> ○ Ойын алаңдары - 10 ○ «Таза қала» (Форт-Шевченко кентінің көшелерінде қоқыс жәшіктері орнатылды) - 1 ○ Мектеп психологының кабинеті - 1 ○ Мектептегі мүмкіндігі шектеулі балаларды сауықтыру бөлмесі жабдықталды - 1 ○ Мүмкіндігі шектеулі балалар мектебіндегі логопед кабинеті жабдықталды - 1 ○ Мектеп пен саябақ алаңдары көріктендірілді, көгалдандырылды - 5 ○ Баутиндегі жергілікті жағажай көріктендірілді - 1 ○ Боранқұл мектебінде мерекелік шаралар мен балалардың өнерге қызығушылығын арттыру үшін ашық алаң салынды - 1 ○ Шынығу алаңы салынды (дене тәрбиесі және спорт) - 1 ○ Ана мен бала өлімін төмендету үшін және емделушілердің салауатты өмір салтын қолдау үшін нысан салынды - 1 ○ Форт-Шевченко кентінің орталығында жастар аллеясы салынды - 1
--	--	--	---



			<ul style="list-style-type: none"> ○ Мектептегі отансүйгіштік пәндерін өткізу үшін қолданылатын жабдық жаңартылды - 1 ○ Футбол алаңы – 1 ○ Мектепте экология сабақтары үшін нысан салынды - 1 ○ Отбасылық демалыс аймағы - 1 <p>Екі жылдық жобаны жүзеге асыру барысында жергілікті белсенділер өз қауымдастықтарындағы бар мәселелерді жақсы танып, сол мәселелердің шешімін табудағы біліктілікті мен жауапкершіліктері артты. Жобаларды жүзеге асыру ынталы топтар мен жергілікті биліктің өзара байланысы мен түсіністігін реттеп, нығайтуға көмектесті. Қазіргі уақытта жоба қатысушылары жергілікті билікпен бірге абаттандырылған қоғамдық орындарды ұзақ мерзімге сақтаудың жолдарын талқылап, жолдарын қарастыруда.</p>
7. Британдық кеңес	Ағылшын тілімен табысқа жет	<p>Ақтау, Құрық, Баутин және Боранқұл елді мекендерінде ағылшын тілі мен негізгі пәндер мұғалімдерінің әлеуетін арттыру.</p> <p>Міндеттері:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жобаның облыс бойынша кеңейіп, қолдауға ие болуы үшін ағылшын тілі мен дәлдік ғылымдардың жоғары білікті және тәжірибелі мұғалімдерінің орталық командасын құру. 2. Елді мекендердегі барлық мектептердің және Есенов атындағы университеттің барлық мұғалімдерінің педагогикалық әлеуетін дамыту. 3. Елді мекендердегі барлық мектептердің және Есенов атындағы университеттің барлық мұғалімдерінің дәлдік ғылымдарды ағылшын тілінде оқыту және өздерінің оқу бағдарламаларында тәжірибеге (зерттеуге), проблема шешіміне негізделген оқыту әдістерін пайдалану саласында әлеуетін дамыту. 	<p>2020 жылғы іс-шаралар</p> <ul style="list-style-type: none"> – 2020 жылы басшылық топтың 2 жиналысы өткізілді. – Ақпан айында Ақтаудағы, Бейнеудегі, Қарақия және Түпқараған аудандарындағы 35 мектептің, 1 университеттің, «Өрлеу» БАҰО-ның 80 ағылшын тілі және 80 STEM мұғалімі үшін әлеуетті дамыту бойынша 1 семинар өткізілді; 6 топ үшін 240 сағат күндізгі оқу курстары. – Ағылшын тілінің және дәлдік ғылымдардың (STEM) 109 мұғалімі үшін 101 сағат вебинарлар және жеке сессиялар өткізілді. – Мектеп жанындағы 25 лагерь басшылары үшін ағылшын тілі және дәлдік ғылымдар бойынша 1 онлайн тренинг өткізілді. – Білім мекемелерінің 3 басшысы онлайн оқуды аяқтады. – Ағылшын тілі мұғалімдерін қолдау ретінде сәуір және мамыр айларында қашықтан оқытуға арналған әрқайсысы 10 минуттан тұратын 6 бейнесабақ әзірленді. Бейнеуәсаулықта сабақ барысы көрсетілген және оқушылар үшін тапсырманы орындау бойынша түсініктемелер қамтылған. Мұғалімдер оқытуы үшін барлық бейнесабақтар YouTube сайтына жүктелген. – Қазақстанның бастауыш және орта мектептерінің ағылшын тілі мұғалімдері арасында ағылшын тілі пәнінің үздік бейнесабақтарын әзірлеу бойынша онлайн-байқау ұйымдастырылды. Бүкіл Қазақстаннан байқауға 212 ұстаз қатысты. Мектеп оқушылары үшін он минуттық 30 бейнесабақ әзірленген болатын. <p>Қиындықтар:</p> <p>2019 жылы жобаға тап болған негізгі проблемалардың бірі ағылшын тілін меңгеру деңгейі төмен STEM мұғалімдерін іріктеу болды. Бұндағы алынған сабақтың мәні - әуелгі білім деңгейлерін тексеру мақсатында мұғалімдерді негізгі бағалау процесін семинар басталмас бұрын жүргізу керектігінде. 2020 жылғы түйінді проблема мектептердің күтпеген жерден жабылуымен және қашықтан оқуға көшуімен байланысты болды. Көптеген мұғалімдер үшін онлайн-оқыту жаңа тәжірибе болды және ол бірқатар техникалық, практикалық және психологиялық мәселелер туғызды. 2020 жылғы маусымда алғаш вебинар өткізілген кезде дайындық асығыс еді, ал қатысу көрсеткіші төмен болды. Қазан айындағы екінші вебинарға қарай барлық қатысушылар үшін интернеттегі жұмыс анағұрлым үйреншікті болды да, мұғалімдер мен тренерлердің пікірлері әлдеқайда позитивті болды.</p> <p>Жобаның жалпы нәтижелері:</p> <ul style="list-style-type: none"> – Білім саласындағы негізгі органдармен, мектеп директорларымен және мұғалімдермен берік әрі орнықты қарым-қатынас орнатылды, бұл өз кезегінде жобаға оң әсерін тигізді. – Бірқатар вебинарлардың, онлайн материалдарға және оқушыларға арналған бейнесабақтарға қол жеткізуі арқасында мұғалімдер оқушыларды қашықтан оқыту бойынша елеулі қолдауға ие болды. – Тәжірибелік ғылыми эксперименттер жүргізу арқылы мұғалімдер пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту және ағылшын тілінде ғылыми терминологияны үйрету тәжірибесін жинақтады. Олар аталмыш тәжірибесін жаңа оқу жылында оқушыларына күндізгі немесе онлайн курс өткізу барысында қолдана алады. – Британдық кеңес пен ТШО өңірдегі көптеген мектептер мен оқушыларға пайда әкелетін өршіл, алысқа көз салатын және жаңашыл бастамалары арқылы мұғалімдерге қашықтан оқытуда қолдау көрсете алатындықтарын көрсетті. – Жобаның әсерін бағалау үшін, сондай-ақ, келешекте ұқсас жобаларды жетілдіру бойынша кеңестер алу үшін сыртқы кеңесші шақырылған болатын. Осы талдаудың негізгі қорытындылары: <ul style="list-style-type: none"> • Жалпы алғанда 112 мұғалім жобаның екі жылын толық аяқтады. • Мұғалімдер, мектеп директорлары және білім органдары жобаға және оның STEM және ағылшын тілі пәндерін оқытуға тигізетін әсеріне оң бағасын берді.



			<ul style="list-style-type: none"> • STEM мұғалімдері тобындағы сауалнамаға жауап берушілердің 98%-і дерлік жоба оларға оқытудың белсенді тәсілдерін жүзеге асыруға, оқу ресурстарын жасауға және рефлексивтірек болуға мүмкіндік бергенімен келісті. • Ағылшын тілі мұғалімдері тобындағы сауалнамаға жауап бергендердің барлығы жоба нәтижесінде студенттер ынталырақ болғанымен, сабақтар интерактивтірек өтетінімен, және олар өздері мұғалім ретінде рефлексивтірек, технологияларды қолдануда батылырақ бола түскенімен және оқытудың белсенді тәсілдерін пайдалануға қабілетті болғандарымен келісті. • Сонымен қатар, STEM және ағылшын тілі мұғалімдері арасындағы іскерлік қатынастар арқылы мұғалімдердің бірге қызмет істеуге үйренуіне жобаның септігі тигені айтылды. • English-STEM лагерлері және бейнеөндіріс байқауы мұғалімдерге ағылшын тілі білімдерін, stem контентті, техникалық және педагогикалық дағдыларын дамытуға қосымша мүмкіндіктер берді. • Жалпы, әртүрлі проблемаларға және дамытуды қажет ететін салалардың көптігіне қарамастан, жоба барлық мүдделі тараптармен жақсы қабылданды, сонымен қатар ол ағылшын тілі және STEM пәндері мұғалімдерінің біліміне, педагогикалық және техникалық дағдыларына оң әсер етті деген қорытынды шығаруға болады.
<p>8. Қазақстанның отбасылық дәрігерлер қауымдастығы (ҚОДҚ)</p>	<p>Маңғыстау облысында медициналық көмек көрсету сапасы мен шарттарын жақсарту, жұртшылықтың өз денсаулығын сақтауға қызығушылығы мен ынтасын арттыру.</p>	<p>Жобаның міндеттері:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Алғашқы медициналық санитарлық жәрдем көрсету мекемелерінің инфрақұрылымын және жұмыс тиімділігін оңтайландыру. 2. Медицина қызметкерлерінің үздіксіз кәсіби және клиникалық даярлығын қамтамасыз ету. Медицина қызметкерлерінің жұқпалы және жұқпайтын ауруларды клиникалық бақылау және емдеу туралы білімдерін толықтыру қажет, сол арқылы емделушілерге медициналық қызмет көрсету жақсарады, аурудың асқынулары мен өлім-жітім саны азаяды. 3. Денсаулық сақтауды сандық жүйеге көшіру, ноутбуктерді пайдалану саласында үздіксіз оқытуды қамтамасыз ету, интернет желісіне қосылуды жақсарту. Қызметкерлерді әртүрлі электрондық денсаулық сақтау бағдарламаларына белсендірек қатыстыру және тұрақты түрде деректерді енгізіп тұру қажет, бұл өз кезегінде медициналық қызмет көрсетудің және қаржы шығысының ашықтығын арттырады. 4. Тікелей үгіт-насихат жүргізу және кеңес берулер арқылы емделушілердің / тұрғындардың жалпы денсаулық / гигиена / вакциналау / санитария туралы хабардарлығын арттыру. 	<p>2019-2020 жылдардағы жоба қорытындылары:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Құрық ауылының емханасын қалпына келтіру аяқталды, онда емделушілердің қабылдауды күтетін бірыңғайланған жайлы аймағы, балалар алаңы, мүгедектерге арналған және үлкен кісілер үшін бейімделген ыңғайлы әжетханалар, дәліздер, жабдықталған емделушілерді қарайтын бөлмелер, дәрі-дәрмектерді, вакциналарды, шығыс материалдарын сақтайтын қоймалар, қызметкерлерге арналған оқу залы, қызметкерлер ас бөлмесі, бейнабақылау жүйесі, қызметкерлерге арналған сымсыз желі қамтамасыз етілген. • Қарақия, Түпқараған аудандарының ауылдарындағы және Боранқұлдағы 67 дәрігер / фельдшер /, медбике келесі жабдықтарды алды: 100 пульсоксиметр; 10 000 жеке қорғану құралдары; 50 000 хирургиялық маска; 9 000 FFP3 респираторлары; 300 қорғаныс экрандары; 8 000 бір рет пайдаланылатын төсек жаймасы; 5000 қалпақ; 6000 нитрил қолғаптары; 500 л зарарсыздандыру құралы; 11 000 қалақша; 1 ЭКГ-аппараты (Боранқұл ауылы үшін); 20 небулайзер. • Медицина қызметкерлерінің білім деңгейін арттыру: <ul style="list-style-type: none"> • Құрық ауылының 2 дәрігері Алматы қаласында өткен Қазақстанның отбасылық дәрігерлер қауымдастығының IV съезіне қатысты; • Құрық ауылы бас дәрігерінің Алматы облысындағы «Кеңдала» медициналық мекемесіне 1 танысу сапары; • 40 медициналық қызметтерді жеткізушілерге арналған коммуникативтік машықтар бойынша 3 күндік оқу; • Ауылда жұмыс істейтін 30 медбикеге арналған жұқпайтын ауруларды бақылаудың тәжірибелік дағдылары бойынша 3 күндік оқу; • Ауылда жұмыс істейтін 14 дәрігерге арналған артериялық гипертензияны емдеу бойынша 5 күндік курс; • Ауылда жұмыс істейтін 14 дәрігерге арналған диабетті емдеу бойынша 5 күндік курс; • Ауылда жұмыс істейтін 14 дәрігерге арналған созылмалы жүрек жеткіліксіздігін емдеу бойынша 5 күндік курс; • Ауылда жұмыс істейтін 42 дәрігерге арналған COVID-19-ды емдеу терапиясында антикоагулянттарды қолдану бойынша 5 күндік курс; • Сандық жүйеге көшу: <ul style="list-style-type: none"> • Құрық ауылының медицина қызметкерлеріне 36 ноутбук, операциялық жүйе және аксессуарлар, ал Түпқараған ауданына 17-сі берілді. • 56 дәрігер мен медбике компьютерлік сауаттылық және медициналық карталарды электрондық түрде жүргізу бойынша оқудан өтті. • Жұртшылықтың хабардарлығын арттыру және қолдау көрсету <ul style="list-style-type: none"> • Ақтау қаласы медициналық колледжінің 400 студенті үшін денсаулыққа пайдалы әдеттер, гигиеналық нормалар, көшбасшылық, сыни ойлау және топтық жұмыс бойынша 3 күндік оқу; • Құрық және Баутин ауылдарындағы 4 мектептің 2 394 оқушысы және 80 мұғалімі мен қызметкерлері қолды дұрыс жуу, жетелген кезде ауызды шынтақпен жабу, суды көп мөлшерде



			<p>ішу, жемістер мен көкөністерді тұтыну т. с.с. сияқты денсаулыққа пайдалы әдеттер бойынша 100 сабаққа қатысты. Баутин мектептеріндегі әрбір сыныпта орналастыру үшін 80 л антисептик қамтамасыз етілді.</p> <ul style="list-style-type: none"> • «Зертте» науқаны аясында негізі ақпарат пен нұсқауларды хабарлау мақсатында көрнекі материалдар ұсынылды (3000 қалам, 12 000 жапсырма, 1200 плакат, 414 жеңіл жейде, 460 шыны су және 1000 батырма); • Құрық ауылының артериялы гипертензияға, қант диабетіне, тыныс демікпесіне, өкпенің созылмалы обструктивті ауруына, жүрек-қан тамыр ауруларына, пневмонияға, семіздікке шалдыққан, жүктілік кезінде артериялы гипертензиясы бар және т.б. 35 ауыр науқастарын Құрық ауылындағы емханада ҚОДҚ мамандары қарады; • Іш өту, безгек, жөтел, құлақ инфекциялары т.с.с. балалар ауруларының симптоматикалары туралы қазақ және орыс тілдерінде 42 бейнежазба дайындалды; • 288 күн ішінде 5 800 емделушіге онлайн-консультация жүргізілді; • COVID-19 және өзін-өзі оқшаулаудың екі кезеңі, карантин шаралары салдарынан бойын қорқыныш, үрей билеген, күйзеліске ұшыраған, суицидтік ойлары бар 40-тан астам науқас адамға психотерапевтпен бірге 186 консультация ұйымдастырылды; • Онлайн-тыңдаушылармен күнделікті түрде өзара әрекеттесу (60 мыңнан астам жазылушы бар және Facebook, Instagram және Telegram әлеуметтік желілеріндегі жалпы қамту көрсеткіші ~11 млн адам), 300-ден астам хабарлама (2019 жылмен салыстырғанда екі есе көп) және балаларға арналған «Зертте» парақшасында 250 хабарлама жазылды, тікелей эфирде дәрігерлермен сұхбаттар, сұрақ-жауап сеанстары ұйымдастырылды; • Интернеттегі БАҚ, жергілікті және ұлттық телевизия үшін 22 сұхбат; • Жалпақ жұртшылық, медицина қызметкерлері және БАҚ үшін Covid-19-ға қатысты жиі қойылатын сұрақтарға жауаптар пысықталды; • Тікелей бенефициарлардың жалпы саны 8 767 адамды, ал жанама бенефициарлардың саны 56 170 адамды қамтыды.
--	--	--	---